

Жолаушылар кедендік декларациясын толтыру және жолаушылар кедендік декларациясында мәлімделген мәліметтерді өзгертуге (толықтыруға) байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібіне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 14 ақпандағы № 17 шешімі.

Еуразиялық экономикалық одақ Кеден кодексінің 105 бабының 5 тармағына және 260 бабының 3 тармағының екінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 23 шілдедегі № 124 Шешімімен бекітілген Жолаушылар кедендік декларациясында мәлімделген мәліметтерді өзгертуге (толықтыруға) байланысты жолаушылар кедендік декларациясын толтыру және кедендік операцияларды жасау тәртібінің 21-тармағы, екінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын

"3.3-графа толтырылған жағдайда графада барлық өткізілетін тауарлар туралы мәліметтер (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 107 шешіміне № 1 қосымшаның 2-тармағында айқындалған өлшемшарттарға сәйкес пайдаланылған және жүру жолында және межелі жерде қажетті тауарлардан басқа) көрсетіледі."

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович